

Семей облысында қан қызметінің дамуы және бүгінгі Семей қаласындағы қан орталығы.

Семей қаласында алғаш болып қан құю шарасын 1936 жылы хирург-дәрігер **Остроумов Борис Алексеевич** жүргізген. Бір жыл өткен соң **1937 жылы хирург**



Худяков Виктор Андреевич Қызыл Крест Қоғамының қалалық ауруханасының хирургиялық бөлімінің жанынан қан құю бөлімшесін ұйымдастырған. Қан құю бөлімшесінің операциялық мейірбикесі **Агафонова Юлия Макаровна** алғашқы донор болған. **1941-1945** жылдардағы Ұлы Отан соғысына дейін қан шұғыл жағдайларға арнлып **екі-үш литр** көлемінде дайындалып отырған.

Ұлы Отан соғысының кезінде **өтеусіз донорлық** кең ағым

алды. Соғыс аяқталған соң донорлар саны біршама азайып, қан дайындау кенеттен төмендеп қалды. Соғыс жылдарынан кейін ҚҚБ хирург **Кужелева Нина Николаевна**, кейін **Ксенофонтова Галина Николаевна** басқарған.

1953 жылдың ақпанынан бастап қан құю бөлімшесінің меңгерушісі болып **Бугаевский Александр Иванович** тағайындалады, кейін ол Қан құю станциясының тұңғыш директоры болды. ОҚҚС жұмысыгн ұйымдастыруда бас дәрігердің бірінші көмекшісі болған дәрігерлер Р. А. Шелепова (1959 ж.) мен Л.А. Евстигнеева (1965 ж.).



1953 жылы ҚҚБ Облыстық аурухананың жартылай жертөлелі үй-жайларының екі бөлмесін алып, қан хирургиялық бөлімшенің операциялық бөлмесінде даындалған. ҚҚБ құрамында үш адам жұмыс істеген және бір тоңазытқышпен жарақталған. Донорлар қалалық емханаларда тексеріліп отырған. **1954** жылы **220 литр** қан дайындалған.

1956 жылы ҚҚБ жылдық қуаты **1200** литр қан дайындайтын, **4-санатты** Облыстық қан құю станциясы болып қайта құрылды. Қалалық Кеңестің шешімімен он алты бөлмелі ғимарат бөлінді.

Облыстық қан құю станциясы қосымша медициналық жабдықтар мен қозғалмалы жағдайда өтеусіз қан жинау үшін автокөлік алды.

1965 жылы Облыстық қан құю станциясы 3-санатта жұмыс істей бастайды. Осы жылы типтік жобамен ОҚҚС жаңа ғимарат салынады.

ОҚҚС жылдық қуаты 2000-4000 литр қан. Станцияда 6 дәрігер, 15 орта меджұмысшы, 11 кіші персонал және 18 әкімшілік-шаруашылық қызметкерлері жұмыс істейді.

Жаңа ғимаратқа барлық бөлімдер мен зертханалар кеңінен орналастырылды.



Қосымша биохимиялық зертхана, емдеу мекемелеріне қан жіберу бойынша экспедициялық бөлімше құралады. Өз кезектерін тосқан донорлар медицина тақырыптарында әңгімелесіп, қызықтырған сұрақтарына жауап алып мүмкіндігіне ие болды. ОҚҚО жанынан қан тапсырған соң донорларды тамақтандыруға арналған асхана ұйымдастырылды.



Клиникалық зертханада әрқашан жайдары қарсы алып отырған зертханашылар: **Абдильдина Раушан Султановна** – коммунистік еңбек екпіні және **Синельникова Надежда**.

Донорлардан қан алу боксталған операциялық блоктарда жүргізілген. Автоклавқа арналық кең бөлмелер берілген, онда көптеген жылдар бойы медицина бикесі **Березина Антонина Яковлевна** – коммунистік еңбек екпіні қызмет етті.

1966 жылдың 4-тоқсанында заманауи отандық және шетелдік аппаратурамен жарақталған плазма кептіру бөлімшесі жұмыс істей бастады.

ОҚҚС жанында 8 автомашинаға арналған жылы гараждары бар шаруашылық корпус орнатылған.

1965 жылы КСРО денсаулық сақтау органының № 135 бұйрығына сәйкес жалпы құрамы 104 бірлік болатын 3-санаттың типтік штаты бекітілді. Штат кеңеюімен



стандартты сарысулар зертханасы мен резустық зертхана құрылады.

1971 жылы ақуызды ажырату (фракциялау) бөлімшесі ұйымдастырылды, онда: **фибриноген, протеин, Филатов** сарысуы шығарылған.

Алайда, құрылысы **1973-1974** жылдарға жоспарланған **1973** жылы биологиялық бақылау зертханасының болмауы салдарынан бөлім препараттарды шығаруды тоқтатты. **1976** жылы жануархана құрылысы аяқталды. Ақуызды ажырату бөлімі 10 % альбумин ерітіндісін, Филатов сарысуын шығара бастады.

1976 жылы плазмафerez бөлімі өз жұмысын бастады, оны **Воропаева Римма Николаевна** басқарды.

1977 жылы стафилококке қарсы – 42,7 литр плазма, гемофилияға қарсы плазма – 18,2 дайындалды.

ОҚҚС дәрігерлер мен орта медициналық құрамның біліктіліктерін арттыруларына мол назар аударған. ОҚҚС барлық дәрігерлері Республикалық қан құю станциясының базасында, ЦОЛИПК және Ленинград ГИДУВ базасында маманданудан өткен.

1955-1965 жылдарды донорлық бөлімді басқарған **Старкова Мария Тимофеевна** өтеусіз донорлықты ұйымдастыру бойынша жұмысқа зор күші мен ептілігін салды. Кейінгі жылдары қан орталығын басқарып донорлықты насихаттағандар:

- **Федорова Нина Матвеевна** - донорлық бөлім меңгерушісі,
- **Солодовникова Николай Егорович** - донорлық бөлім дәрігері,
- **Лухтин Александр Степанович** - фельдшер.

Донорлар жиыны, басылым, радио, телеарналарда мақалалар мен көрсетілімдер тұрақты өткізіліп отырды.



1957 жылдан бастап белсенді донорлар саны тез арта бастады. Соңғы жылдар өтеусіз донорлық кең дамыды. Осылай, егер **1958** жылы Семей облысының аудандарында бірде-бір өтеусіз донор болмаса, ал қалада барлығы **105** болса, **1976** жылы ауылдарда – **9093** донор, қалада – **11255** донор болды. **1000** тұрғынға өтеусіз донордың санын есептегенде, **1958** жылы олар облыс бойынша **0,7** болса, **1976** жылы **1000** тұрғынға **28,2** өтеусіз донордан болды. Донор санының өсуімен дайындалатын қан көлемі артты. Егер **1954**

жылы **220** литр қан дайындалса, **1976** жылы – **7165,9** литр, оның **4274,7** литрі өтеусіз қан донорларынан.

1 орынға құйылған қан саны **1953** жылғы **125** мл-дан **1976** жылы **835** мл-ге дейін артты. Ал, 1 тұрғынға қан көлемі **1969** жылғы **6,5** мл-ден **1976** жылы **9,9** мл-ге дейін өсті. Табиғи плазманы дайындау **1969** жылғы **291,0** литрден **1976** жылы **474,8** литрге дейін өсті, ал құрғақ плазманы дайындау **1969** жылғы **256,0** литрден, **1976** жылы **570,0** литрге дейін.

Қала мен облыс ауруханалары гемсарысу және антирезус-сарысуымен толығымен қамтамасыз етілді.

1976 жылы ОҚҚС ұжымында **102** адам болды, оның ішінде – **11** дәрігер. Ұжымның **32** мүшесіне «Коммунистік еңбек екіні» атағы берілді.

1970 жылы Республикалық байқауға белсенді қатысқандары үшін, медициналық мекеменің қорын үнемді, ұқыпты қолданғандары үшін, қаржылық-шаруашылық қызметтегі жақсы көрсеткіштері үшін, В.И. Лениннің туылғанына **100** жыл толуына орай ОҚҚС ұжымы Медициналық жұмысшылар кәсіподағы республикалық



комитетінің құрмет грамотасымен марапатталды, 6 адам мерейтойлық «Қажырлы еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

1971 жылы қабылданған социалистік міндеттерді жақсы орындағандары үшін, Кеңес Одағы Коммунистік партиясының 24 құрылтайына орай Облыстық денсаулық сақтау және медициналық жұмысшылар кәсіподағы обкомінің Құрмет грамотасы және 500 сом көлемінде ақшалай сыйақымен марапатталып, қоғамдық байқауда облыс бойынша 2 орынға иеленді...

70-жылдардың басында ОҚҚС 9-10 тонна қан дайындап, құйды, ЕАМ сұранымдары бойынша тибиғи плазма, эритроциттік масса, эритроциттік жүзінді қан компоненттерін шығарды. 1970 жылы Р. Шелепованың басшылығымен плазма



фракциялау бөлімшесі ұйымдастырылып, ақуызды қан препараттарын: альбумин, протеин, құрғақ фибриноген, фибринді қабықша, Филатов сарысуын, сондай-ақ тромбо және лейкожүзінділер, құрғақ плазма шығара бастады. Бұл препараттар мен құрғақ плазманың көп мөлшері облыстың ЕАМ жолданып отырды.

1967 жылы дәрігер М.Н. Копинамен донорлардың қан тобы мен резум-тиесілігін анықтау үшін гемагглютининдік және антиреустік сарысу шығару бойынша иммунносерологиялық зертхана ұйымдастырылды.

1972 жылдан **2000** жылға дейін бұл зертхананы дәрігер Л. А. Сухарева басқарды, ол Қазақстанда алғашқы болып 1977 жылы ЕАҰ-ге арналған антирезус әмбебап реагентін шығаруды ұйымдастырды.

1974 жылдың қыркүйегінен бастап ОҚҚС –ны Н.Р. Фоменко басқарды. 70-80 жылдары қан дайындау және қайта өңдеу көлемі үнемі ұлғайып, қан дайындау үшін бір рет қолданылатын жүйелер тәжірибеге енгізілуде, жаңа қан препараттарын өндіру ұйымдастырылады: антистафилококкты және сіреспеге қарсы плазма, жаңа мұздатылған плазма.



ОҚҚС дәрігерлері Мәскеу, Киев, Ташкент қалаларының ГИУВ-да өз біліктіліктерін арттырып отырды. Донорлық қанды зерттеудің жаңа әдістері енгізілді: дәрігер Л. Л. Қаратыш РПГА әдісімен антистафилококкты және қабынуға қарсы плазманы титрлеу, донорларда қарсы иммуноэлектроосмофорез және РПГА әдісімен HBsAd анықтау жүргізілді.



Қан дайындау бөлімшесінің меңгерушісі Липин Р. Н. плазмаферез әдісімен жаңа мұздатылған плазманы дайындауды ұйымдастырады. **1987** жылдан бастап АИТВ инфекциясын диагностикалау зертханасы жұмысын бастады. ОҚҚС дәрігерлері облыс аудандарында үлкен ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарын жүргізе бастады: олардың көмегімен 5 штаттық және 7 штаттық емес қан дайындау бөлімшелері ұйымдастырылды, донорлардан қан алуды тәжірибелі м/с В. А. Юдина, Т. А. Слесарчук, Л. Г. Василенко жүргізеді. 80 жылдардың соңында облыс бойынша өтеусіз донорлар саны 45 000 адамды құрады. ОҚҚС – да облыстың барлық 13 ауданына қан дайындау үшін В. Д. Байворовскийдің басшылығымен тұрақты көшпелі бригада жұмыс істеді. "Донор күндері" қала әкімшілігімен, кәсіпорындармен және Қызыл Крест қоғамының қызметкерлерімен келісім бойынша қала кәсіпорындарында тұрақты түрде өткізілді. Жыл сайын донорлар слеттері өткізіліп, грамоталар мен "құрметті донор" атақтары берілді.

90-шы жылдардың басында клиникалық трансфузиологияда көбінесе компоненттік терапия тұжырымдамасы жарияланды және қан қызметінің алдына жаңа міндеттер қойылды: 1. Барлық дайындалған донорлық қанды қан компоненттеріне бөлу. 2. Плазмаферез әдісімен жаңа мұздатылған плазма шығару көлемін ұлғайту. 3. Жаңа мұздатылған криопреципитатты, тромбоциттер концентратын, лейкоциттер мен тромбоциттер азайған эритроциттік масса дайындау. 4. Қан мен компоненттерді дайындауға толықтай пластикатты ыдысқа өтуі.



90-шы жылдардың ортасында белгілі саяси және экономикалық өзгерістерге байланысты елде Қан қызметінде да өзгерістер болды. Облыста және бүкіл республика бойынша өтеусіз донорлардың саны және дайындалатын қанның көлемі күрт төмендеді.

1994 жылдан бастап ОҚҚС –ты Б. Н. Оспанов басқарды. Оның басшылығымен қан құю станциясы басқа ғимаратқа «дәріханалық басқару қоймасына» көшті, кейін қан орталығы өз ғимаратынан айырылып, жалға алынған ғимаратта болды.



Жаңа басшының келуімен қатар қан құю станциясының ұжымы да жаңартылды. Жаңа дәрігерлер – А. А. Исакова, Н. Зарва, Н.И. Сергеева, Е. К. Семенов келді.

1998 жылы қан құю станциясы «Семей қан орталығы» мекемесіне айналды. 2000 жылы қан орталығы ықшам ғимаратқа көшті. Жабдықты жаңғырту жүргізіле бастады. Бірыңғай деректер базасы құрылды. АИТВ инфекциясын диагностикалау зертханасы үшін жаңа иммуноферментті анализатор, вошер, дозаторлар алынады.

1995 жылы Дәрігер-зертханашы А. Б. Әлжанованың басшылығымен донорлық қанды мерезге және С гепатитіне иммуноферменттік талдау әдісімен зерттеу енгізіледі.

2000 жылы қан дайындау бөлімінің меңгерушісі О.Н. Сергеевамен және дәрігерлер Е. С. Ибраев, Р. Н. Курманбаева., жаңа мұздатылған плазманың көп мөлшерін дайындау үшін аппараттық плазмаферез ұйымдастырады. 2001 жылы С. У. Уалиолданованың және фельдшер – зертханашы О. Н. Фадееваның жетекшілігімен иммуносерологиялық зертханада ЕАҰ үшін реципиенттер (науқастар) қанының топтық тиістілігін айқаспалы анықтау үшін консервіленген стандартты эритроциттер шығаруды жолға қояды. Қан компоненттерінің және стандартты реагенттердің саны біртіндеп ұлғаюда.

2004 жылы өтеусіз донорлардың саны 12 104 құрады, консервіленген қан – 8 041 литр, плазма – 3671 л, эритроциттік масса – 2 837 л, крипреципитат – 335 доза, тромбоциттер концентраты – 725 доза, стандартты эритроциттер-21 л, антистафилококкококкты плазма-113 л. дайындалды.

2007 жылдан 2010 жылға дейін қан орталығын Л. М. Омарова басқарды.



2010 жылдан бастап осы уақыт кезеңіне дейін қан орталығының басшылық қызметінде қан қызметі саласына көп көп жыл еңбегі сіңген А. Б. Әлжанова қызмет атқаруда, кейінде «Денсаулық сақтау үздігі» белгісімен марапатталған.



Жаңа басшының бастамасы алдында трансфузиялық терапияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және шығарылатын өнімнің сапасын арттыру сияқты маңызды міндеттер тұрды, олар табысты іске асырылды және тұрақты негізде орындалуда. Донорлық қанды дайындауға және оның қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптарды сақтау үшін барлық донациялар стационарлық жағдайларда ғана жүргізіледі. Заманауи, мамандандырылған жабдықтарды сатып алу, гемотрансмиссиялық инфекцияларға зертханалық скринингтің донорлық қан дайындау әдістерін жетілдіру бойынша жұмыс жүзеге асырылды және жалғасуда.

Бүгінгі күні Семей қ.қан орталығында жылына 7000 донацияға дейін донациялау жүзеге асырылады, бұл Семей қ. және Семей өңірінің медициналық ұйымдарын донорлық қан компоненттерімен толық көлемде қамтамасыз етеді.

Семей қаласының қан орталығы өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерін (Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекс, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен бұйрықтар, нұсқаулық-әдістемелік және нормативтік-техникалық құжаттар және т.б.) басшылыққа алады.

А.Б. Әлжанованың жетекшілігімен «Семей қаласының қан орталығы» ШЖҚ КМК жаңарту және жаңғырту жолымен жүріп, Қазақстан Республикасы қан қызметінің бірыңғай жүйесінің толыққанды буыны болып табылады.

2018 жылы Семей қаласының қан орталығында ШҚО денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен қан қызметінде қолданылатын «Инфо донор» ақпараттық бағдарламасы орнатылған. Бұл жүйе ОК мамандарына донация басталғаннан бастап медициналық ұйымға берілген қанның дайын компонентіне дейінгі барлық тізбекті бақылауға мүмкіндік береді. Семей қ.қан орталығының медициналық қызметкерлері жақын шет елдердегі (Ресей, Израиль, АҚШ және т.б.) семинарларда, мастер кластарда дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру циклдерінде үнемі біліктіліктерін жоғарылатады.

Білікті басшылықтың арқасында қан орталығында жұмысқа тұрақтамаушылық жоқ, тәжірибелі қызметкерлері әлі күнге дейін еңбек етуде – қан қызметінің ардагерлері Гирина Л., Некрасенко Л. Сударикова Л., Иштерекова А.К.

Қан орталығының негізгі бөлімшелері болып табылатындар:

1. Донорлық кадрларды жинақтау бөлімшесі

2021 жылдың сәуір айынан бастап бұл бөлімшені тәжірибиелі дәрігер-трансфузиолог-Шаменко Ирина Адреевна басқарады. Оның бастауымен бөлімде жас маман А.В. Юнкер жұмыс істейді, өтеусіз донорларды тарту бойынша үлкен жұмыс көлемін орындайды. Донорлық кадрларды жинақтау бөлімшесінің қызметкерлері бүкіл қызметі бойы өтеусіз донорлықты белсенді насихаттау және қан мен гемопозддік дің жасушаларының әлеуетті донорларын үгіттеу жүргізуге ат салысады. Заманауи жағдайларды ескере отырып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу және халықты ақпараттандыру үшін әлеуметтік желілерде аккаунттар, сондай-ақ «Семей қаласының қан орталығы» ШЖҚ КМК ресми сайты құрылды. Жыл сайын 14 маусымда Дүниежүзілік қан доноры күні атап өтіледі. Бұл күні және басқа да маңызды мерекелер өңірде өтеусіз донорлықты дамытуға бағытталған акциялар өткізіледі.

Донорлық кадрларды жинақтау бөлімшесінің дамуына Зарва Наталья Ивановна үлкен үлес қосты. Оның Семей қаласының қан орталығында жұмыс өтілі 26 жылдан астам уақытты құрады, оның көп бөлігін донорлық кадрларды жинақтау бөлімінің меңгерушісі лауазымында өткізді. 2021 жылғы наурызда әріптестер Наталья Ивановнаны құрметті демалысқа салтанатты түрде шығарып салды. Оның өтеусіз донорлықты дамыту ісіне қосқан көп жылдық үлесі Семей қаласының қан орталығының тарихында мәңгі қалады.

2. Инфекция диагностикалау зертханасы.

Бөлім меңгерушісі-Дюсембаева Диляра Орынбаевна. Бөлімде дәрігер Алпысбаева Толқын Шухратовна еңбек етеді. Қазіргі уақытта Семей қаласының қан орталығында заманауи стандарттарға сәйкес ИХЛА және ПТР әдістерімен жабық

үлгідегі автоматты талдағыштарда донорлық қанның екі кезеңдік скринингі енгізілді. Шығарылатын компоненттердің қауіпсіздігі-кәсіпорынның басым міндеті.

2. Қан мен оның компоненттерін дайындау бөлімі.

Меңгерушісі-Оразданова Назигуль Амангельдиновна.

2010-2018 жылдар аралығында плазмоцитозферез бөлімшесінде карантиндеуден толық өткен жаңа мұздатылған аферездік плазма жылына 3148,5 литрге дейін дайындалды.

Иммунологиялық және инфекциялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 2010 жылы трансфузиолог дәрігер И.А. Шаменко мен бас мейірбике Б. Е. Егімбаева алғаш рет донорлық қан компоненттерін лейкофилтрациялауды енгізді, ол қазіргі уақытта 100% - ға жетті.

Қан және оның компоненттерін дайындау бөлімшесінің меңгерушісі Н.А. Оразданованың басшылығымен 2016 жылы донорлық қан компоненттеріндегі патогендерді вирустық инактивациялау әдісі практикаға сәтті енгізілді. Бұл әдіс компоненттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және бактериялардың, вирустардың, лейкоциттердің реципиенттерге берілу қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

2014 жылдан бастап тромбоциттерді дайындау аппараттық тромбоцитаферез әдісімен жүргізіледі, бұл оларды терапевтік тиімді нысанда алуға мүмкіндік береді және пациенттерге қауіпсіз трансфузиялық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Өндірісті оңтайландыруды ескере отырып және қан компоненттері мен препараттарының қорларын ұтымды басқарудың арқасында қан орталығында жарамдылық мерзімі өткеннен кейін өнімді есептен шығару алынып тасталды.

Бөлімде М. Калибекова, Е.С. Петрий, В. В. Огнева,-дәрігерлер жұмыс істейді, сондай-ақ тәжірибелі мейірбикелер мен кіші медициналық персоналдар қызмет атқарады.

3. Сапаны бақылау бөлімі.

Меңгерушісі-Боранбаева Алия Билимгазиновна.

Бөлім 2012 жылдан бастап жұмыс істейді. Оның бірінші меңгерушісі Ярмухамедова З. Х. болды. Бөлім жұмыс істеген жылдар ішінде ішкі аудит бағдарламасы, сапаны бағалау индикаторлары, саясат, стандартты операциялық рәсімдер, кәсіпорынның миссиясы әзірленіп, енгізілді. Сапа менеджменті жүйесі енгізілуде. Барлық осы шаралар заманауи стандарттарға сәйкес кәсіпорынның табысты, прогрессивті қызметі үшін қажет.

4. Қан тестілеу бөлімшесі

Бөлім меңгерушісі – Әбілқасымова Салтанат Алтыбайқызы.

2013 жылы мамандар О. Н.Фадеева мен С. А. Әбілқасымованың қатысуымен қанды иммуногематологиялық зерттеудің жаңа әдісі үшін жабдық (Скангель аппараты) сатып алынып, тәжірибеге енгізілді. Қанды тестілеу бөлімшесі қан тобын айқаспалы анықтау үшін АВ0 жүйесінің консервіленген стандартты эритроциттерін, резус тиістілігін анықтау кезінде реакцияның ерекшелігін бақылау үшін консервіленген стандартты 0(I) D оң және 0(I) D теріс эритроциттерді өндіреді.

Пандемиямен күресуге қосқан үлесі.

Covid-19 коронавирустық инфекция пандемиясы кезеңінде Семей қ.қан орталығының қызметкерлері пандемиямен күреске баға жетпес үлес қосты.

Семей қаласының қан орталығы пандемия кезінде жұмысын тоқтатқан жоқ. 2020 жылдың наурыз айында ТЖ кезінде қызметкерлер мен донорларды тасымалдау ұйымдастырылды. 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап «Коронавирустық инфекция»

диагнозы бар пациенттерді емдеу үшін иммундық плазманы дайындау ұйымдастырылды. Барлығы иммундық плазманың 1631 дозасы дайындалды.

Семей қаласының қан орталығында донорларды қабылдау, Қан мен оның компоненттерін дайындау, өндіру, сақтау үнемі санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып жүргізіледі.

Коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында пандемия кезінде қан орталығының аумағына кіру Ashyk мобильді қосымшасының QR-кодын сканерлегеннен және термометриядан өткеннен кейін ғана мүмкін болады.

2021 жылғы ақпаннан бастап халықты коронавирустық инфекцияға қарсы жаппай вакцинациялауды жүргізудің басталуына байланысты Семей қаласының қан орталығына Семей қаласы мен Семей өңірінің медициналық ұйымдарына сақтау және беру үшін вакциналар жеткізіледі.

Қазіргі уақытта Семей қаласының қан орталығы Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде қызметін жүзеге асыратын және Семей қаласы мен жақын орналасқан өңірлерде орталықтандырылған қан дайындауды қамтамасыз ететін кәсіпорын болып табылады. Семей қаласының қан орталығының ұжымы донорлық қанды сапалы және қауіпсіз дайындауға қол жеткізуге бағытталған алдына қойылған міндеттерді тиімді орындайды.